**ӘОЖ 94 (574)**
**КБЖ 63.3 (5 қаз)**
**Б20**

*Жауапты редактор:*
**Ахмет Тоқтабай,**
*тарих ғылымдарының докторы, профессор.*

**Б20 Байтайлақ батыр**: жинақ/жауапты ред. Ахмет Тоқтабай. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2016. – 344 б.

ISBN 978-601-7478-40-7

Кітапқа хан Абылай тұсындағы әйгілі батыр Байтайлақ Бейімбетұлын еске алуға байланысты, «Қазақ хандығы құрылғандығының 550 жылдығы» аясында өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, танымдық мақалалар, батыр рухына арналған толғау-поэмалар мен арнау, әңгіме, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар, іс-шаралар барысы, мерейтой аясында түсірілген фото естеліктер еніп отыр.

Жинақ Байтайлақ батырды жан-жақты білгісі, зерттегісі келетін, қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналады.

**ӘОЖ 94 (574)**
**КБЖ 63.3 (5 қаз)**

ISBN 978-601-7478-40-7 © «Мерей» баспасы, 2016

Нәбижан Мұхаметханұлы

# XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР

*(Байталақ батыр кесенесін ашу салтанатында сөйлеген сөз)*

Құрметті қауым, биыл елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы кеңінен атылап өтіп жатыр. Астанада және әр аймақтарда көптеген конференциялар, симпозиумдер өткізіліп, тың ғылыми зерттеулердің нәтижелері жариялануда. Біздің мынау мемлекеттік тарихымыздың көптеген ақтаңдақтары анықталды, бірқатар жаңа көзқарастар тұрақталды. Өткенде Астанада сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев өзі басқарып өткізген «Қазақ хандығының 550 жылғына» арналған ғылыми конференцияда мынадай тұжырым жасаған еді: «Қазақ халқы тәуелсіздікке оңай жеткен жоқ. Ұлы даңқты жеңістердің де, өте ауыр жеңілістердің де зардабын тартып барып жетті». Міне, бұл көзқарас XVIII ғасырдаға қазақтың қоғамдық саяси жағдайын сипаттайды.

Мен Байтайлақ батырға қатысты жазылған деректерді қарап шықтым. Сонда одан мынадай тұжырым жасауға болады екен деп түйдім. Байтайлақ –XVIII ғасырдағы қазақтың көрнекті батырлардың бірі болған, қазақтың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде қол бастап ұрыстың алдыңғы шебінде жүріп, еліне елеулі еңбек сіңірген тарихи батыр тұлғалардың бірі.

Тарих ғылымында тарихи тұлғатану ғылымы деген сала бар. Тарихи тұлғаны тану үшін, сол тұлға өмір сүрген тарихи дәуірді де білу керек.

Байтайлақ батыр өмір сүрген жылдар – біздің халқымыздың тағдыры сынға түскен, ұлтымыздың болашағы бұлыңғыр тартқан кез болатын. Мысалы. 1711-1713 жылдары және 1717 жылдар жоңғарлар қазак даласына шабуыл жасағанда, толық жеңіске жете алмаған болатын. Сондықтан жоңғарлар үлкен дайындық жасап 1723 жылдың көктемінде кенеттен сұрапыл шабуыл жасады, соның салдарынан халқымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дейтін трагедияға тап болды. Қазақтар осы трагедиядан қалай құтылды? Әрине, сырттан ешқандай көмек болған жоқ, қазақтың береке-бірлігінің арқасында ғана қауіпті жағдайды өзгертті. 1726

## Мазмұны

**Ахмет Токтабай.** Қазақ халқының батыршылдық феномені......4


## БАЙТАЙЛАҚ БЕЙІМБЕТҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ БОЛЫМЫСЫ, ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ СОҒЫСТАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

**Қадыс Жәнәбілұлы.** Байтайлақ батыр кім?..............................11
**Сұлтан Тәукейұлы.** Байтайлақ барша қазақтың мақтанышы...19
**Қадыс Жәнәбілұлы.** Байтайлақ батырға кесене тұрғызылды...26
**Айдар Маратұлы.** Байтайлақ батыр кесенесінің ашылу сөзі ...33
**Дәрмен Құзыкейұлы.** Байтайлақ батыр кесенесінің ашылуына арналған бірер сөз.........................................................................34
**Нәбижан Мұхаметханұлы.** XVIII ғасырдағы қазақтың қоғамдық саяси жағдайы және Байтайлақ батыр (Байталақ батыр кесенесін ашу салтанатында сөйлеген сөз)..............................................35
**Құсмай Заркұмарұлы.** Батыр баба – Байтайлақ.......................41
**Шынай Рахметұлы.** Ер Жәнібектің серігі, шерушінің ұраны, азаткер баба ..............................................................................46
**Елімбек Қазыұлы.** Байтайлақ батырдың сенімді серігі – Киікбай батыр.......................................................................................56
**Жұмабек Өсерұлы.** Байтайлақ батыр Атамекенде...................68
**Қабдеш Жәнәбілұлы.** Байтайлақ батыр рухына тағзым......... 74
**Қатыран Зәкәрияұлы.** Алтын берген топырақ .......................81
**Асылбек Байтанұлы.** Қара жолдың бойында көне қорым .......88
**Бірліқан Әсетұлы.** Бабалардан балаларға................................93
**Әділ Семейханұлы.** Тексіз қалмақ тентіреп немесе әркім өз тарихын өзі жазуға міндетті ..................................................................102
**Ерлан Мазанұлы.** Алтай асқан ағайын ....................................113
**Мұхаметқали Ордабайұлы.** Батыр бабалар рухы балаларға тағылым болғай ...............................................................................................121
**Жәнібек Кәкей.** Он үш жасында ту ұстап, тұлпар мінген Байтайлақ батыр........................................................................................124
**Бақытбек Нәсіпханұлы.** Көңілден шыққан концерт ..............128
**Ділдәхан Дәлелұлы.** Ежелгі арман – қазіргі ұлттық рух .......131